

ӘОЖ 81.3676.25.431

ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Сүйеубекова Улзия Салдарқызы

ulziya_s@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті
Түркітану кафедрасының 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - А.Б. Шалдарбекова

Қазақ халқының түп-төркіні 6-8 ғасырдағы Орхон Енесей ежелгі түркі жазбаларынан басталады. Қазір территориямызда жүргізілген археологиялық қазбалардан ата-бабамыздың мал баққан, жерімізді қорғаған батыр жауынгер ғана емес, жыршы, шешен, ақын және де сәулетші, зергер, ұста болғаны да дәлелденіп отыр.

Қай уақытта болмасын адамзаттың ең басты мұраты - өзінің ісін өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Ұрпақты жан-жақты келбетті етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім тәрбиеліктің орны орасан зор. Өзге халықтар

сияқты қазақ елінің ұрпақ тәрбиесі жөнінде атам заманнан бері жиып-терген мол тәжірибесі бар. Аға буын өз бойындағы ізеттілікті, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін-жерін, Отанын сүюшілік ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйретіп келеді.

Адамның жарық дүниеге келген күнінен бастап оның есейіп, о дүниеге аттанып кеткенге дейінгі өмірі мен іс-әрекеті, басқалармен қарым-қатынас атаулының барлығы салт-дәстүрден өзекті орын алып, адамның дүниеге көзқарасын қалыптастыратын тәрбие мектебі.

Әлемде екі мыңнан астам ұлт пен ұлыс тіршілік етеді, солардың әрқайсысының өзіне ғана тән әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері бар. Олар – халық мәдениетінің аса мәнді құрамдас бөлігі, одан ол халыққа жататын адамдар мәдениетінің деңгейі, рухани байлығы, басқа ұлттар мен ұлыстардан, халықтардан айырмашылығының барлық белгілері анық танылады. Салт-сана, дәстүр қатып-семген, мәңгі өзгермейтін нәрселер емес. Елдің мәдениетіне, экономикасына ілесіп өркендеп отырады.

Дәстүрсіз халық жоқ. Ол тарихи негізінде қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып жалпыға бірдей әдеп, инабат нормасы болып табылады. Дәстүрлердің ортақ қызметі – адамдар арасындағы өркендеп және өзгеріп отыратын тұрақтылықты ретке келтіріп отыру.

Тұрақтылық болмаса даму да болмайды. Нәтижесінде әрбір жаңа ұрпақ өткен ғасырлар мұрасының әсеріне ұшырап, оған бойсұнуға әзір. Белгілі француз социологі Э.Дюркгейм “Дәстүр – адамдардың қоғамнан дайын күйінде табатын, өздерінің тәртіптерін жөнге түсіріп және әрекетке келтіріп отыратын тетік. Дәстүрді бұзғаны үшін берілген жаза тайпалардың бірлігін сақтауға көмектесетін қорғаушы құрал болып табылады” – дейді.

Бұл әңгіме, Бірлестіктің берік өмір сүруі үшін, оған кіретін адамдарға дәстүр талаптарын орындаудың міндеттілігі жайында болып отыр.

Дәстүрдің қызметі – жақындастыру. Тарихтағы көрінісі – рулық қауымдастықтар, олардың ауызбіршілігі, тұтастықтарын сақтауға ұмтылу “Кімнің жерін жайласаң, соның жырын жырлайсың” деген мақал осыған байланысты айтылып отыр.

Дәстүрде жиналған мәліметтер ата-бабадан қалған материалдық және мәдениетке ие мұрагер болады. Мысалы “Ата салған жол бар, ене пішкен тон бар”, “Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер” деу бұрынғыдан қалған жөн-жосық, әдеп-салттың басшылыққа алынған міндеттілігін білдіреді.

Халқымыздың “Түбірлі мәселені шешерде, түп атадан келе жатқан жолды ұстар” дейтін мақалдардың бір әулеттен келесі әулетке ұмытылмай жетіп келе жатуының өзі- дәстүр. Осындай дәстүр жалғастығын зор мұрат санайды. “Атадан ұл туса – игі, ата жолын қуса игі” деген халқымыздың мақалы соған меңзейді.

Сондықтан да ұрпақтың дәстүрге құрметпен, әрі ықтияттылықпен қарауы, оны түсінуі, дәстүрді бұзып алып, адамдардың көңіліне қаяу салудан қатты сақтануы айрықша қасиет болып саналады. Сонымен қатар дәстүрден, ғұрып-салттан адамдар өзінің жеке басы танылады. Мысалы, Үндістанда сиыр мен маймылды ерекше құрметтеуі, қытайлардың, жапондардың жыланның етін, италяндықтардың есектің етін аса сый тағамға санауы, қазақта қойдың басын сыйлы қонақ ретінде ер адамға, қырғызда әйелге бас ұсынуы салт-ғұрыптар өзгешеліктеріне жатады, осыған байланысты әдептік талаптар шығады. Ел мен ел, ұлыс пен ұлыс шекаралас, аралас-құраласта өмір сүргендіктен, салт-дәстүрде ұқсастық бар. Мысалы, Иранда жылдың соңғы сәрсенбісін киелі күнге санап, ол күні барлық тілек қабыл болады деп ырымдайды екен. Ирандықтар бұны «қызыл сәрсенбі» деп атайды. Ол күнді әсіресе бойжеткен қыздар асыға күтеді. Себебі соңғы сәрсенбіге байланысты, түрлі жоралғы –кәде сыйлар жақсы жасалса, тұрмысқа шығудың сәті түседі деп сенеді екен. Біздің халқымызда бар:

Сәрсенбі сәтті күні той жасапсыз,

Тойыңыз құтты болсын, қыз атасы! – деп «Тойбастар» жырында айтысатын, сол күнгі бастаған ісі сәтті болады деп ұғынылатын «Сәрсенбінің сәттісі» ырымы да, иранның «қызыл сәрсенбісімен» бір негізден шығуы да ғажап емес.

Осының бәрі түрлі халықтардың салт-дәстүрлерінде жалғасатын сабақтастық, діни наным

бірлігінен бастау алған ұқсастық, тарихи аралас құраластық. Ұзақ уақыт іргелес шекаралас өмір кешуден болған, сондай-ақ өздеріне ғана тән, өзге жұртқа өрескел, ерсі көрінетіндері дәлел.

Қазақ халқының - дәстүрі бай және оны қатаң сақтайды. Халқының мінез-құлқы, наным-сенімін жете зерделеген ғұлама Ахмет Байтұрсынов қазақтың құдайдан кейінгі қорқатыны дәстүр бұзушылық екенін айтады. Қазақ дәстүрді білмегенді, надан дейді. Бұл - өте ауыр сөз және ауыр кінә. Халқымыздың туыстық, құда – жекжаттық, той-томалақ өткізу, өлім жөнелту, аруақ сыйлау, үлкенді, ата-ананы құрметтеу, қыз ұзатып, келін түсіру, жүйелі сөзге жығылу, тоқтау, обал-сауап, дастархан, шаңырақ, қонақ сыйлау т.б салт-дәстүрлерінде адамгершілік, ізгілік жатыр.

Өткенімізге көз жүгіртсек, ата-бабаларымыздың жинақтаған өмір тәжірибесін, бай рухани қазынасын жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланған, бала тәрбиесіне ерекше мән бере, үміт арта қараған. Салт-дәстүр ұлттық тәрбие. Ұлттық тәрбиені оқыту үшін мектепте мұғалім баланың жас дара ерекшеліктеріне сай ұғымына байланысты ертегі, мақал-мәтел және алуан түрлі салт-дәстүрлерді педагогикалық тұрғыдан іріктеп алу керек. Балаға ұлттық тәрбиені дер кезінде меңгерту ұстаздың басты міндеті. Төменгі сынып оқушыларына ізеттілікті, кішіпейілділікті, қайырымдылықты үйрету тәрбиелеу. Оның бастамасы қазақ халқына тән үлкен бір ерекшелік “сәлемдесу” дәстүрі. Сондықтанда қазақ халқында “Сәлем - сөздің атасы”- деген мақал бар.

Қазақ ауылында кіндігі кесіліп, туған халқының әдет-ғұрпын тасындай қалап, дәстүрін жадына жылудай жинап, асыл тілін аманаттай ардақтап, дінін дініне тұмардай тағып, салтын санасына сыбағадай сақтап және олардың бәрін құрандай қастерлеп өскен ұрпақ екенін білдіру. Оның мақсаты ата салтымыздың асыл мұрасы мен алтын қазынасын көпшілікке, кейінгі жас ұрпаққа ұсынып, оны оқып үйренуді өмірге енгізуді аманат деп тапсыру.

Салт-дәстүр дегеніміз – халықтардың кәсібіне сенім нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс. Ол отбасылық тәрбиеден қалыптасады. Жеке адам жаңа салтты ойлап шығара алмайды. Бүкіл халық ел жұрт уақыт озған сайын салт-дәстүрге жаңалық енгізіп, оны қоғамдық болмыс көріністеріне бейімдеп өзгертіп отырады. Ал жаңа қоғамдық қатынастарға қайшы келетіндері жойылып өмірге қажеттілері жаңа жағдайда ілгері дамиды. Ұлттық салт пен дәстүрдің тууы ұлттың ұлт болып қалыптасуына байланысты. Ұлттық салт дәстүрлер – тарихи процесс. Көптеген дәстүрлер ұлттың ұлт болып қалыптасуынан бұрын пайда болғандықтан бір талай ұлттарға ортақ мәнді дәстүр болып келеді. Мысалы: асар-қырғыз, қазақ, өзбек, тәжік, түркмен халықтарына ортақ өте ертеден пайда болған. Ал қазақ халқында кейбір дәстүрлеріміз ұмыт болған. Мәселен қазақтың жаугершілік заманында құрдас батыр жігіттердің ұлы жорыққа аттанар алдында ақ қой сойып, қанына найзаларын малып “Өлсек бірге өлеміз, опасызды ант атсын” деп тас түйістіріп анттау немесе әке-шешенің асырап алған баласы мен туған балаларының саусақтарын ақ қойдың бауыздау қанына малғызып “қаны бір бауырлық” деп ант ішкізеді екен. Ал қазіргі уақытта бұрын болмаған ақ шашты қариялардың алтын, күміс неке тойларын жасау бүгінгі салт-дәстүрден тұрақты орын алған.

Халық “Дәстүрдің озығы бар, дәурені өткен тозығы бар”, “Әдет - әдет емес, жөн - әдет”- деп заман талабына сай дәстүрлерді дәріптеп тәлім тәрбиенің пәрменді құрылысы ретінде пайдаланылған. Мысалы: көп жылдары бойы “діни мейрам” деген жаңсақ көзқараспен Наурыз мейрамын еліміз мүлде атаусыз қалдырып, қазіргі демократия кезінде ол қайта жанғыртылып жалпы халық мейрамына айналды.

Қазақ халқы – салт-дәстүрге өте бай. Салт-дәстүр халықтың белгілі бір әдет-ғұрыптарына байланысты халықтың “Сегіз қырлы, бір сырлы”, өнегелі өнерлі болып өсуін мақсат еткен ата-бабадан қалған бар асыл қасиеттерін әлденеше ғасырлар бойы өлең жырмен насихаттады. Әсіресе “Өнер алды – қызыл тіл”, “Жер астында жатқанды қазбай тіл табар”- деп саналы сөзді сары алтыннан артық бағалаған халқымыз тілді тәрбиенің пәрменді құралы, ақыл ойдың асыл қоймасы деп таныды. Қазақтың айтыс өлеңдерінде, терме толғауларында, бесік жырларында, ертегі, аңыз-әңгімелерде, мақал-мәтел, нақыл сөздерінде ел тағдыры, келер

ұрпақ қамы, бас бостандығы, адамгершілік ар-ождан мәселелері жан-жақты сөз болып, дидактикалық ақыл өсиет, насихат түрінде айтылып, ол халықтың қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана, баланы бесікке салу, өлікті жөнелту сияқты дәстүрлері жиындарында марапатталып келді. Сол арқылы көпшілік қауымға әсіресе жастарға өнеге айту, тәлім-тәрбие беру, салт-дәстүрді оқыту көзделді.

Баланың дүниеге келуі ат жалын тартып мініп, отау тігіп азамат болуына дейінгі салт-дәстүрлер: шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тілін дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет тойы т.б. және қыз бала мен ұл баланы келешек отбасы – жанұя құруға, шаруашылыққа, өмірге, еңбекке бейімдеуге арналған азаматтық жөн-жорғылар кіреді.

Тұрмыс салт-дәстүрлері – қазақтың киіз үйі, үйдің жиһаздары, ұлттық киімдер мен тағамдар, мал бағу, егіншілік, аңшылық, балықшылық, бағбаншылыққа қатысып, кәсіптерге үйретудің тәлімгерлік түрлері енеді.

Әлеуметтік мәдени салт-дәстүрлерге қазақ ауылы, ауыл адамдарының туыстық қарым-қатынастары, шешендік сөз өнері, қазақтың ұлттық музыка аспаптары, үйлену, үй болуға байланысты салт-дәстүрлер, қонақ күту, халықтың ұлттық мерекелерді өткізу, өлікті жөнелту рәсімдері, әдет ғұрыптары жатады.

Қазақ халқының осы салт дәстүрлерінің ерекшелігі мен қасиеті, тәрбиелік әсер, қимылы да дәстүрдің дамып, қалыптасып тәрбие құралы ретінде кейінгі ұрпаққа мұра болып қала беруде.

Баланың дүниеге келуі. Қазақ халқының көпшілік дәстүрлері баланың дүниеге келуімен байланысты туған. Перзенттің шыр етіп дүниеге келуі ата-ананың ғана емес бүкіл ауылдың қуанышы. Міне осы күндері “Шілдехана” немесе “Шілде күзеті” өткізіледі.

Нәресте дүниеге келген күні қалжа үшін қой сойылады. Қойдың етін жеп, сорпасын ішіп, босанған әйел 40 күн бойы қалжалатып, жел суға тигізбей күтіледі. Тойға жиналғандар сәбиге ізгі тілектерін білдірісіп, ән айтып, ойын ойнап көңіл көтереді. Шілдеханаға ауыл үлкендері қатыспайды. Жаңа туған нәрестені әртүрлі жын-шайтан перілердің салқынынан қорғап, күзету халық - сенімі бойынша тек жастардың міндеті. Қазақ халқының көбі мұны әйелдің бойы бекігесін жасайды.

Ерте заманда бесіктегі нәрестені күзету Ұмай анаға жүктелген. Жаңа туған баланы алғашқы күндері шырақ жағып күзетпесе оны перілер әкетеді деген ұғым болған. Сондықтан баланы алғаш түні шырақ жағып күзеткен.

Сүйінші сұрау – немерелі болған әже жас балаларды немесе келіндерін сүйінші сұратып жан-жаққа жібереді. Сүйінші сұраушылар кім? - деген сұраққа ұл болса “тізгін ұстар” қыз болса “қырық жеті” деген сияқты тұспал сөздермен жауап береді.

Сүйіншіге ең жақын адамдары мал атап, кейбіреулері ақшалай заттай мүлік береді.

Нәрестелі болған үйлерге ізгі ниеттерін білдіруге келген ауыл адамдары “бауы берік болсын” деген жақсы лебіз айтады. Нәрестені көрсетіп ауыл адамдарынан әйелдер көрімдік сұрайды.

Әйелдің әл-қуатын жиып, белі бекіп кету үшін оған арнайы мал сояды. Онда мойын омыртқаны опырмай етін тек үзіп жеп, төрге іліп қояды. Ел ішінде жас баланың мойынының тез қатып кетуі осы омыртқамен байланысты.

Балаға ат қою. Халқымыз балаға ат қоюға ерекше мән береді. Осы ат қою дәстүрінен де халықтық наным-түсінік, салт-санасы, арман мүддесі, эстетикалық толғамы көрінеді. Әдетте ат қою құрметіне ауылдың ақсақалы немесе көрші ауылдың шежіресі – қариясы ие болады.

Оның дәуіріндегі тарихи мұралардың көпшілігінде балаға ат қою дәстүріне үнемі Қобызшы жырау, Қорқыт ата қатысып отырады. Сонымен қатар үлкен қуаныштың үстіне келіп қалған “құтты аяқ” құдай қонақтарға да ат қойғызатын дәстүр болған. Қазақ елінде қалыптасқан дәстүр бойынша, нәрестеге үш күннен қалдырмай ат қойылады. Мұсылмандықтың енуіне байланысты көп жерлерде атты молда азан шақырып, нәрестенің құлағына аузын таятып, сәбиге қойылатын атты үш рет сыбырлап айтады. Осыған байланысты тілімізде азан шақырып ат қою тіркесі қалыптасқан. Ат қойған адамға ақы ретінде арнайы сыйлық дайындалады.

Жас баланың алғаш жүректілік көрсетіп, көзге түскен уақытта көрсеткен ерлігіне сай өзіне ат алатындығы туралы көне түркілік қызықты деректер де ғалымдарға мәлім.

Осы дәстүрдің жанғырығындай тілімізде “ат қойып, айдар тағу”- деген бейнесі сөз сақтаған.

Айдар – жылқының құйрық жалынына алтындаған зер қосып жіңішке қылып өрілген бау.

Бесікке салу – кіндігі түскен баланы бес күннен кейін бесікке салады. Бұған ауылдың көрші әйелдері жиналып баланы бесікке бөлеп “тыштыма” ырымы жасалады. Бесіктің түбегі арқылы бауырсақ, кәмпит және басқа тәттілер астына тосылған қолдарға тасталады. Басқарушы “тышты ма” деп сұрағанда, жанкүйерлер “тышты”, “тышты” деп шу етеді. Жақсылықтың бәрін шашу шашумен қарсы алатын халқымыз бұл дәстүрді “балаға бесік құт дарысын” деген ниетпен жасалған.

Баланы бесікке саларда көп балалы ана бесіктің жабдығын тексеріп шашу шашады. Бесіктің үстіне жеті зат: қамшы, жүген, тон, шапан, кебенек, көрпе жауып қояды. Бұның мәні мынадай: жүген мен қамшы – ат үстінен түспейтін ер болсын, тон мен шапан – бала халықшыл көпшіл болсын, кебенек – ер мінезді өршіл болсын дегені. Қыз бала сұлу болсын деп жастығының астына айна, тарақ қойса, ұл бала батыр батыл болсын деп, шошымасын деген ниетпен жастығының астына қанжар, пышақ қойған. Баланы бесікке ауылдың үлкені, беделді үлгісі әже салады. Баланы бесікке бөлеген әже баланы тербете отырып ақырын ынылдап бесік жырын айтады:

Әлди-әлди ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем,

Астына терік салайын,

Үстіңе тоқым жабайын,

Ауылдан кеткен апанды,

Қайдан іздеп табайын.

Қырық күн толғанша бөбекті бір күн сабынды, бір күн тұзбен, бір күн жұпар иісті шөппен кезекпе-кезек шомылдырады. Тұзды суға шомылып тұзға піскен сәби шымыр, әрі есейген соң денесі зақымданса денесінің жарасы тез жазылады.

Тұсау кесер – сәби тәй-тәйлап жүре бастағанда ата-анасы баланы тез жүріп кетсін деп “тұсау кесер” тойын жасайды. Алдымен тұсау кесер күні белгіленіп арнайы қонақтар шақырылады. Көпшіліктің арасынан жүрісі жылдам, қимылы ширақ, іске епті қасиеттері мен көзге түсетін қағылкез пысық адам таңдалып алынып нәрестенің тұсау кесерін тапсырады. Баланың тұсауын ала жіппен, қылдан ескен шыжыммен немесе ішекпен кескен. Тұсау кесердің алдында тәтті дәмді тағам салынған дастархан жайылады. Осы аралықта “тұсау кесер” жыр айтады.

Қаз-қаз балам, қаз балам

Қадам бассаң мәз болам.

Қаз-қаз балам қаз балам

Тақымыңды жаз балам.

Күрмеуіңді шешейін

Тұсауыңды кесейін.

Қадамыңа қарайық,

Басқаныңды санайық.

Қаз-қаз балам жүре ғой!

Сүндет тойы –дәстүр бойынша ата-бабаларымыз ер балаларын 5-7 жасқа не 9 жасқа келгенде сүндетке отырғызатын болған. Сүндет тойы өткізетін күнді белгілеп, тойға қонақтарды баланың өзі шақырады. Боз тарланға мінген сүндеттелген бала аттың құйрығын шорт түйіп жорғаға мінеді. Сәрсенбінің сәтті күні ауыл молдасы баланы сүндетке отырғызады. Молда қолын үш рет сабындап жуып құрал-саймандарын отқа ұстап, таза ақ шүберек, ұнның кебегі бар кесе дайындайды. Молда бала көңілін аулайтын түрлі хикаялар айтып отырып шүметайының артық терісін қаз майымен әбден уқалап жанын кетіреді, оның қалайша шорт кесіліп қалғанын баланың өзі де сезбей қалады. Ұнның кебегін сеуіп қанын тоқтатады да, үстіне кесе төңкереді. Қарақотырланып жазылғанша көйлек кигізеді.

Атқа мінгізу. Өмірін мал мен байланыстыратын қазаққа малды бағу үшін ұл бала керек. Дәстүр бойынша баласы бес-алты жасқа толғанда аузы дуалы шешендердің, ел бастаған көсем, дана, мерген және батырлардың соңынан ерте білген. Бұл дәстүр балам халық дәстүрін, жоралғысын көңіліне тоқып өссін деген ұстанымы еді.

Халқымыз баланы жастайынан есепке баулып, аз бен көпті айырып санауға үйреткен. Мысалы айтар болсақ: “Оным –он, он бірім не, соны тапшы, Ай күнім!” – деп бір санды бірнеше рет қайталап айтқызып, жаттап алуға ынғайлы етіп, сонымен қатар жұмбақтың шешімін де сандар арқылы қайталатып айтатындай етіп құраған. Баланың әңгімеге қызығуы тілі жаңа шыға бастаған кезден басталады. Атап өтер болсақ, ата-анасы немесе ата әжесі баласына бесік жыры, хайуанаттар, жан-жануарлар айтысы, ертегілер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, өтірік өлеңдерді оқып беру, ауызша айтып беруі баланы қызықтырған, балдардың сөздік қорын байытып мағыналы, мәнді сөйлеуге жаттықтырды.

Құда түсу – қазақ халқында қызға ерешке мән берілген. Бойжеткен қызды көздің жауын алатындай қылып киіндіріп, бұрымын сәндеп қоятын болған. Қызға көз салған көрушілер ұнағанын әке-шешесіне сөз арқылы сездірген. Қыздың шешесі “Қымызды кім ішпейді, қызды кім айттырмайды. Қызымның ұнағаны рас болса, бір белгі тастап кет” - дейді. Жігіттің әкесі үйдің жоғаршы жағына қамшысын іліп “Құдалықтың басы болсын” деп бір жорға байлап кететін болған. Қызға сыйлық ретінде шешесі аманат қылған үкілі тақия, сырға, сақиналарын жігітке ұсынады. Төрдегі қамшы құда түсу тойы болғанша ілінулі тұрған. Қыздың әкесі 1-1,5 жыл жігіттің үйінен хабар күтеді. Осы аралықта жігіттен хабар болмаса, қамшыны қайтарып, қызының басы бос екенін білдірген.

Құда түсу тойы – жаушы келген соң, жігіттің ет-бауыр жанашырлары жиналып, құдалыққа барудың қамына кіріседі. Әулеттің үлкені сөзге шешен адам бас құда болып тағайындалады. Қыздың ауылы ақ үйлер тігіп, сән-салтанатпен қарсы алады. Дәстүр бойынша ақ жол тілеп құдалық нақты болсын деп мал шалынады. Оның бауыздалған қанына қол салып батаны бұзбауға анттасады. Құдалықта ең жауапты еттің бірі – құйрық-бауыр берілетін, табақ екі жақтың сөзін сөйлер құдаларға беріледі. Қыздың әкесі құйрық пен бауырды алдымен құдаларына беріп, содан соң өздері жейді. Бұл екі жақтың бұдан былай бауыр-туыс болады дегені. Ақ бата беріліп, қан шығарып құйрық бауыр жескеннен кейін құдалар тойлап, ең жақын жекжаттар болып саналады. Осы аралықта құдалар өзара ақылдасып, қыздың ұзатылуын, қалың мал мен жасауын келіседі.

Қыз ұзату тойы – құдалар келіскен соң қыздың туыстары жиналып, ұзату тойына кіріседі. Той басталарға 2-3 күн қалғанда 5-6 жолдасымен сүт ақыны, той малы жартысымен, түрлі кәделерге арналған мал мүліктерін алып күйеу келеді. Салт бойынша қыздың әкесі күйеуге үй артына ақ отау тігіп қояды. Қыз ұзату тойы басталардан екі-үш күн бұрын жан-жаққа шақырушы жібереді. Бұл тойда ауылдың кәрі-жасы жиналып әр-түрлі ойындар өткізіп, қыз-жігіт болып екіге бөлінеді. Бәйге жарысын өткізеді.

Егер де дәстүрсіз өмір сүрем десеңіз, бұл жетесіздіктен туындаған қиял және де кеудемсоқтық. Халқымыздың даму барысында қоғамның өмір сүру салты мен дәстүрі еліміздің болашағы, өнеге салтымыз артымызда келе жатқан ұрпаққа аманат.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алтынсарин Ы. Бастауыш мектеп журналы. А; 2000 ж
2. Асыллов Ұ, Нұсқабай Ж. Әдептану. А; 2002 ж
3. Әлімқұлов Б, Әбдіраманов Е. Күйеу келтір, қыз ұзат – тойыңды қыл. А; 1994 ж
4. Жарықбаев Қ, Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. А; 1994
5. Ерсарыұлы Наурызбай. Еңбекке баулу хрестоматиясы. А; 2000 ж
6. Қалиев С, Оразбаев М, Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. А; 1994 ж
7. Омаров Б. Наурыз. А; 1998 ж.